



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Экспорт және импортты ұлттық
реттеу



Импортты реттеуге қарағанда экспортты реттеу әрбір мемлекеттің ішкі заңдарына байланысты ерекше болады. Импорттау мәселесін реттеу кезінде көптеген мемлекеттердің нормативтік-құқықтық актілерінің бағыты көбіне ұқсас болып келеді. Экспорттауды реттеу мемлекеттердің, құқықтық актілердің немесе мемлекет саясатының бағыты өз отандық өндірісін қолдау және олардың төлеген салықтарын қайтарып беру арқылы жүргізіледі. Мысалы, АҚШ-та акциздері қайтарып беру, Еуразиялық экономикалық одақ аясында мемлекетке төленген төлемдерді қайтарып беру әрекетімен шектеледі.

Импорттарды ұлттық реттеу кезінде үш мәселеге назар аудару керек. Ең алдымен, кедендік баждарды есептеу, таңбаларға немесе маркировкаға қойылатын талаптар және әкелінген тауарлардың стандарттарға сәйкестігін реттеу. Тауарларды жіктеу халықаралық кеден ұйымы шығарған үйлесімді тарифтік жоспарға негізделген көптеген құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Мысалы, Қазақстан мүшелік ететін ЕАЭО-да сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы қолданылады. СЭҚ ТН халықаралық конвенцияға байланысты тауарларды сипаттау және кодтаудың үйлесімді жүйесіне негізделіп жасалған. СЭҚ ТН 21 тараудан тұрады, 1-тарау тірі жануарлар немесе тірі жануарлардан алынатын өнімдер. Бұл 1 және 5 топтарды құрайды. 6–14-тарауларда көгеніс өнімдері. Осы номенклатурадан көгеністердің жіктелуін көруге болады. Көптеген компаниялар тауарлық номенклатурада жіктелген тауарларды білмегендіктен брокерлердің қызметіне жүгінеді. Алайда бұл тауардың кедендік құнын тауарлық номенклатура арқылы көруге болады.

Қазақстан ЕАЭО құрамына кіретіндіктен осы ұйымға кіретін мемлекеттер аумағында нөлдік кеден баж салығы қолданылады. Сол сияқты Латын Америкасы елдері арасында еркін сауда аймағында да кеден салықтары төленбейді. Еркін сауда аймағына кіретін үшінші мемлекеттің тауарына кедендік баж салығы төленеді. Мысалы, Қытайдан Қазақстан аумағына кіретін тауарларға 10% кеден баж салығы салынады. Мысалы, Қытайдан келетін аяқ киімнің партиясын 2000 долларға алсақ, фабрикадан кеден аумағына келгенге дейінгі шығын 200 доллар, оны сақтау 200 доллар, яғни тауардың құны 2400 долларға өсті. Кейін сол тауарға салынатын 10% баж салығы қосылатын болса, тауардың құны +240 доллар болды. Бұл кедендік баж салығын есептеудің қарапайым түрі.

Кедендік баж салығын санаудың Ad Valorem-дық түрі бар. Бұл кедендік баж салығын есептеудің бірнеше түрін қосып, импорттық бажды анықтау. Тауардың елі, саны, көлемі, салмағы, түрі есепке алынуы мүмкін. Ad Valorem-дық түр әр мемлекетте әртүрлі саналады. Ол әрбір елдің нормативтік-құқықтық актілеріне байланысты ерекшеленеді. Кейбір мемлекеттер белгілі бір тауарлардың саны, салмағы, көлемі бойынша шектеулер қоюы мүмкін.

Тауардың шығу елін анықтау. Мысалы, Солтүстік Америка еркін сауда аймағы елдерінде көліктердің шығу елдеріне байланысты мынадай критерйлері бар: көлікті шығаруға кеткен өнім мен және оны өңдеуге кеткен еңбектің барлық қосымша құнын есептегенде 62,5%-ы сол Солтүстік Америка елдерінің аймағына тиесілі болған жағдайда ғана көлік Солтүстік Америка сауда аймағында өндірілген болып есептеледі. Осы жағдайда ғана кедендік баж салығы нөлдік ставкаға ие болады. Ал ЕАЭО мемлекеттерінде тауардың 50%-ы сол мемлекеттерде өндірілген жағдайда ғана кедендік баж салығынсыз тасымалданады. Кейбір тауарлар бір ғана мемлекеттен шықпайды. Мысалы, теледидар. Оның пластик материалдары Қытайда, басқа металдары Германияда, өзге бөлшектері Ресейде өндірілуі мүмкін. Бұл жағдайда тауардың көп бөлшегі қай мемлекетке тиесілі сол мемлекеттің маркасы қойылады.

Келесі мәселе кейбір тауарлар әкелінетін елдің техникалық талаптарына сай келмесе, ол тауар қайта өңделеді. Мысалы, кейбір мемлекетте техникалық талаптарға сай автокөліктің рулі сол жақта болуы тиіс. Автокөлік қайта өңдеуден өткен соң, оның сапасы немесе көлемі өзгергендіктен тауарлық номенклатурадағы жіктелуі де өзгереді, яғни тауардың шыққан елі де өзгереді. Бұл жағдайда тауарды қайта өңдеген елдің шығу маркасы қойылады.

Экспорттау мен импорттауды ұлттық реттеу тақырыбын жалғастыра келе, Қазақстан Республикасындағы экспорттауды реттеуге тоқталайық. Экспорттың көлемін көбейту үшін мемлекет тарапынан бюджеттен ақша бөлінеді, салықтардан босату сияқты жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы, KAZNEX invest компаниясы отандық өндірушілерді көтермелеу мәселесімен айналысады. Атап айтқанда, мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлініп, отандық өндірушінің тауарын шетелде таныстыру, маркетинг шығындарын өтеу, шетелдік сарапшылардың жалақысын өтеу секілді көтермелеу жұмыстарын жүргізеді.